

№8 «Күншуақ» бөбекжай –балабақшасы

Балабақшада мінез-құлқында қиындықтары бар балалармен жұмыс жүргізу
жолдары

Хаттама

Тақырыбы: «Баланың бас ұстазы – ата-ана»

Жүргізілу түрі: Тренинг элементтері бар ойын-жаттығулар

Мақсаты: Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Қатысушылар: Балалабақша ата-аналары

№8 «Күншуақ» бөбекжай –балабақшасы мектепалды топтарының ата-аналары

Жұмыс түрі: топтық жұмыс

Қолданылатын әдістер: тренинг, ойын-тапсырмалар

Көрекілік құралдар: Парақтар, түрлі түсті карандаштар, доп, әліпби, сұрақтар жазылған карточкалар, сызғыш.

Өткізілген күні:

Барысы:

Тренинг: 1. «Кездесу» (Жай әуенмен 2 шеңбер болып қарама-қарсы айналады, әуен тоқтаған кезде бір біріне қарап баласының қасиетін айтады).

2. Ассоциация «Жанұя» (*Доп беру арқылы ата-ана жауап береді*).

Қызықты сұрақтар:

1. Балаңыздың туған күні?
2. Тәрбиеші және тәрбиеші көмекші педагогтарыңыздың толық аты-жөні?
3. Балаңыз қандай өлшемді аяқкиім киеді?
4. Балаңыздың досы кім?
5. Балаңыздың сүйікті асы не?
6. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
7. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?
8. Балаңыз 1-ші сыныпқа дайын ба?
9. Балаңызды еркелетіп қандай сөз айтасыз?
10. Балаңыз сізді ренжіткенде ең алдымен қандай сөз аузыңызға түседі?

Баланы жастан бақпасаң

Жамандықтан қақпасаң.

Қадірден жұрдай қасқа боп

Кешкенің өмір босқа тек – дегендей, баланың ыстық суығына күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар. Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз ертеңгі ана, ол шешеге қарап өседі, бойын түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата-ана.

Ой жинақтау (плакат, фломастер)

Баланың дамып жетілуіне қандай тәрбие әдістері қолданасыз? (Сурет-схема арқылы өз ойларын талдайды)

Ата-анаға көз қуаныш

Алдына алған еркесі

Көңіліне көп жұбаныш

Гүлденіп ой-өлкесі – деп Абай атамыз ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт-арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен.

Ендеше, ата-аналар қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер олардың ең басты үлгі болар бейнесі екендігімізді ұмытпайық.

Сондақтан да мына жайттарды ескерейік:

1. Балаға жан және дене өзгерістерінің байланысын табуға көмектесу;
2. Балаға маман тарапынан тағылған мін, ескертулерді үстірт бағаламай, шын пейілмен түсіну және түсіндіру;
3. Баланы ағза қызметінің қалыптасуымен мұқият таныстыру;
4. Педагогтармен кездесу.

Баланың денесі дамыған кезде, оның жаны ауырып көмек күтетінін еске сақтап, оны «Тәрбие сәулесі түспейтін адамның ешбір қалтарысы жоқ. Тәрбие болмаған жерде шын ақылды, мәдениеті өмір де болмақ емес» - деп жазған еді Ж.Аймауытов. Тәрбие ешқашан үзіліс, демалыс күндерді білмейді.

Қорытынды: Адам өмірде екі нәрсемен қартаймайды, біріншісі-қайырымды ісі, екіншісі- жүректен шыққан жылы сөзі. Әрқашанда балаларымызға, жақындарымызға , бір-бірімізге жылы сөздер айтып, бір-бірімізге қайырымды болайық.

Ұсыныс: әр ата-ана 10 адамға күнде комплимент айтсын.

Педагог – психолог:



Г.Турганбекова

Хаттама

Өткізілген күні: 05.11.2025ж

Өткізілген орны: Ән-күй залы

Қатысқандар: Педагогтар

Тақырыбы: «Балабақшада мінез-құлқында қиындықтары бар балалармен жұмыс жүргізу жолдыры»

Қатысқандар саны: 28 педагог

Семинар мақсаты: Баланың эмоциялық жағдайын тұрақтандырып, өзін-өзі бақылау, қарым-қатынас және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Баланың мінез-құлқында бақылау және зерттеу тәсілдерімен таныстыру;
2. Эмоцияны басқару және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға арналған ойындар көрсету;
3. Тәрбиеші – психолог – ата-ана арасындағы бірлескен жұмыстың маңызын түсіндіру.

Кіріспе бөлім:

Семинардың мақсаты мен маңызы туралы түсіндірме жұмысы айтылды.

Негізгі бөлім:

4. Мінез –құлық бұзылыстарының себептері қарастырылды;
5. Мінез- құлық қиындықтары бар балалардың ерекшеліктері түсіндірілді;
6. Қиын жағдайлардан шығу жолдарына талдау жасалды.

Практикалық бөлім:

Педагогтерге келесі әдістер көрсетілді:

7. «Кім жылдам»;
8. «Берілген әртүрлі әріптерден сөз құрастыру»;
9. Эмоциялық карточкалармен жұмыс

Қорытынды:

Педагогтер әртүрлі сұрақтар қойып, пікір алмасты.

10. Мінез – құлқында ұиындықтары бар баланы сіз қалай тансыз?
11. Мұндай баланың қандай мінез белгілері көзге бірден түседі?
12. Бала ашуланғанда немесе жылап қалғанда сіз қай әдісті қолданасыз.

Ұсыныстар:

13. Әр балаға жеке бақылау картасын жүргізу
14. Қиын мінез көрсету кезінде жазалау емес, сабырлы бағыттау әдісін қолдану
15. Ата-анамен бірлескен түзету сабақтарын жалғастыру.

Хаттама

Өткізілген күні: 08.12.2025ж

Өткізілген орны: Ән-күй залы

Қатысқандар: Педагогтар

Тақырыбы: «Жүрек кілті сөйлесін»

Қатысқандар саны: 32 педагог

Тренинг мақсаты:

Педагогтердің өзара қарым-қатынас мәдениетін арттыру, мейірімділік пен түсіністік сезімін дамыту, бір-бірін қолдауға бағыттау, ішкі жан дүниені тыңдау арқылы жүрек жылуын ояту.

Кіріспе бөлім:

Тренингтің мақсаты мен маңызын түсіндіріп, қатысушыларды жағымды көңіл күйге баулу мақсатында «Жылы жүрек» атты амандасу жаттығуын өткізді. Педагогтер бір-біріне жылы сөздер мен комплименттер айтып, жақсы энергиямен бөлісті. Мысалы: «Мейірімді бол», «Кешіре біл», «Жақсылық жаса» деген жылы сөздер жазылды.

Рефлексия:

Қатысушылар тренингтен алған әсерлерін бөлісті. Жалпы ой – жүректің кілті – бұл жақсы сөз, мейірімділік және түсінікті екендігі айтылды.

Қорытынды:

Жалпы мен қорытынды сөз сөйлеп, қатысушыларға белсенділік пен ашықтықтары үшін алғыс айттым.

Тренинг өз мақсатына толық жетті. Қатысушылардың көңіл күйі көтеріліп, өзара жылы байланыс орнады. Жалпы ұжымда бірлік пен сенім атмосферасы қалыптасты.

Педагог – психолог:



Г.Турганбекова

Хаттама

Өткізілген күні: 14.01.2026 ж

Өткізілген орны: Мәжіліс залы залы

Тренинг тақырыбы: «Өзіне деген сенімділігін арттыру»

Қатысқандар саны: 34 педагог

Тренинг мақсаты:

Балабақша педагогтерінің психоэмоционалды күйін тұрақтандыру, кәсіби сенімділігін арттыру, эмоцияналдық кәжуды алдын алу және жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Міндеттері:

- Педагогтардың эмоцияналдық шиеленісін төмендету;
- Өзіне деген сенімділік пен кәсіби құндылықты сезінуге ықпал ету;
- Өзін-өзі реттеу және релаксация дағдыларын қалыптастыру;
- Ұжымдық қолдау мен өзара сенімді қарым-қатынасты күшейту.

Қолданылған әдістер:

- Тренинг жаттығулар
- Психологиялық ойындар
- Релаксациялық және тыныс алу жаттығулары
- Рефлексия, кері байлыныс

Күтілетін нәтиже:

- Педагогтердің психоэмоционалды күйі жақсарады;
- Өзіне және кәсіби мүмкіндіктеріне сенімі артады;
- Эмоционалды қажу деңгейі төмендейді;
- Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптасады.

Қорытынды:

Өткізілген тренинг балабақша педагогтерінің эмоционалды жағдайын тұрақтандыруға және кәсіби қызметіне оң әсер етті.

Педагог – психолог:



Г.Турганбекова

Хаттама

Өткізілген күні: 14.01.2026 ж

Өткізілген орны: Ән-күй залы

Тренинг тақырыбы: «Өзіне деген сенімділігін арттыру»

Қатысқандар саны: 47 ата-ана

Тренинг мақсаты:

Ата-аналарға буллинг және кибербуллинг туралы түсінік беру, оның алдын алу жолдарын түсіндіру, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері:

- Буллинг және кибербуллинг ұғымдары туралы ата-аналарға ақпарат беру;
- Балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру жолдарын түсіндіру;
- Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру;
- Интернеттегі қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйрету;
- Буллинг жағдайларын ерте анықтау және алдын алу шараларын ұйымдастыру;

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша менсөз сөйлеп, буллинг және кибербуллинг туралы түсінік бердім. Буллинг – балалар арасында қорқыту, кемсіту, қысым көрсету екенін, ал кибербуллинг – әлеуметтік желілер арқылы жасалатын психологиялық қысым екенін түсіндірілді.

Сонымен қатар, буллингтің бала психикасына кері әсері, оның салдары туралы айтылып, алдын алу жолдары ұсынылды.

Сөз сөйледі:

Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, балалардың қауіпсіздігі, интернеттегі болып жатқан жағдайлар туралы сұрақтар қойды. Кейбір ата-аналар бала тәрбиесінде бақылауды күшейту қажеттігін атап өтті.

Қаулы етілді:

1. Ата-аналар балалармен тұрақты түрде әңгімелесу, олардың психологиялық жағдайына көңіл бөлу міндеттелсін.

2. Балалардың интернетті пайдалануын бақылау, қауіпсіздік ережелерін сақтау ұсынылсын.

3. Буллинг және кибербуллинг жағдайлары анықталған жағдайда, балабақша әкімшілігіне және педагог-психологқа дер кезінде хабарлау қажет екені ескертілсін.

Педагог – психолог:



Г.Турганбекова